

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ**  
**Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің департаменті**



**Қазақстан: ХВҚ қызметкерлерінің IV бапқа сәйкес 2017 жылғы миссиясының  
аяқталуы бойынша қорытынды мәлімдеме**

Астана, 2017 жылғы 8 ақпан

Корытынды мәлімдемеде ХВҚ қызметкерлерінің көбіне ХВҚ-га мүше елге ресми сапарының (немесе «миссиясының») аяқталуы бойынша ХВҚ қызметкерлерінің алдын ала қорытындылары жазылады. Миссиялар ХВҚ-ның ресурстарын пайдалану (ХВҚ-дан қарыз алу) туралы өтінішке байланысты, ХВҚ қызметкерлеріне мониторинг жүргізу кезінде жүзеге асырылатын бағдарламаларды талқылау шеңберінде немесе қызметкерлердің экономикалық ахуалға мониторинг жүргізуінің басқа түрлері шеңберінде ХВҚ Келісімі баптарының IV бабы бойынша тұрақты (әдетте жыл сайынғы) консультациялар шеңберінде жүргізіледі.

Ресми органдар осы мәлімдемені жариялауға келісімдерін берді. Осы мәлімдемеде білдірілген пікірлер ХВҚ-ның қызметкерлеріне тиесілі және міндепті түрде ХВҚ Атқарушы кеңесінің пікірін білдірмейді. Жүргізілген миссияның алдын ала қорытындыларының негізінде қызметкерлер баяндама дайындаиды, басшылық бекіткеннен кейін ол талқылау және шешім қабылдау үшін Атқарушы кеңеске ұсынылатын болады.

*Қазақстан мұнай бағасының төмендеуімен және Ресейдегі, Қытайдағы және Еуропадағы өсудің баяулауымен байланысты сын-қатерге қарсы тұруын жалғастыруда.*

*Ресми органдардың жауп қату шаралары (бюджеттен нысаналы қолдау көрсету, айырбастау бағамын түзету, теңгемен өтімділікті басқару жүйесінің нығаюы, сондай-ақ іскерлік ахуалдың және мемлекеттік басқару жүйесінің жақсаруына бағытталған құрылымдық реформалар) ахуалдың тұрақтануына ықпал етті. 2016 жылы өсу баяулады, алайда 2017 жылы ол көтеріледі деп күтіледі. Соған қарамастан, ортамерзімді перспективада өсу қарқыны төмен болады, бұл мұнай бағасының төмен күйде сақталуына және Қазақстанның негізгі сауда әріптестері болып табылатын елдердегі өсудің әлсіз болуымен байланысты. Саясат шаралары бұрынғысынша осы факторларды еңсеруге бағытталуға тиіс. Ортамерзімді перспективада мұнайға жатпайтын неғұрлым жоғары кірістерді әлеуметтік және күрделі шығыстардың жеткілікті деңгейіне қолдау көрсетуге бағыттай отырып, мұнайға жатпайтын тапшылықты төмендегу қажет.*

Ақша-кредит саясатында инфляцияны таргеттеу негіздерін, оның ішінде икемді айырбастау бағамын нығайтуды жалғастыру қажет. Қаржы секторындағы кемшиліктерді кейінге қалдырмасстан жою қажет; көлемді құрылымдық реформалардың іске асырылуын жылдамдатып, осы реформаларға қатысты ақпараттық жұмысты жетілдірген жөн.

### **Ағымдағы ахуал және перспективалар**

- 1. Саясаттың ресми органдар қабылдаған жауап беру шаралары 2014 жылы басталған күйзелістерден кейін экономиканы қалпына келтіруге ықпал етеді.** 2016 жылы өсу қарқыны оң болды және 1 пайызды құрады, бұған мұнай өндірудің үлғауы және қолдау шаралары, – бірінші кезекте инфрақұрылымдық жобаларды, ШОБ-ты және тұрғын үй құрылышын қаржыландыруды қамтамасыз еткен «Нұрлы жол» бағдарламасының қабылдануы себепші болды. Үлттық Банктің (ҚҰБ) іс-қимылы нарықты тұрақтандырыды және теңгеге деген сенімді қалпына келтірді. Жыл ішінде инфляция төмендеді және ҚҰБ резервтері қаржы қаражатының айтарлықтай өкелінуі нәтижесінде 2 млрд. долларға үлғайды.
- 2. 2017 жылы және ортамерзімді перспективада өсу қалпына келеді деп күтілуде.** Болжамдарға сәйкес экономикалық өсу қарқыны 2017 жылы 2,5 пайызға жетеді, ал мұнайға жатпайтын ІЖӘ өсу қарқыны 2021 жылы 4 пайызға жетуге тиіс. Бұған мұнай өндірудің одан әрі үлғауы, құрылымдық реформалардың әсер етуі және банктік кредиттеудің жаңғыртылуы себепші болады. Экспорттың өсуі нәтижесінде сыртқы операциялардың ағымдағы шоты жай-күйінің жақсаратыны болжанып отыр: 2017 жылы инфляция ҚҰБ белгілеген 6 – 8 пайыз нысаналы дәліздегі деңгейге дейін төмендеуге тиіс. Соған қарамастан, шикізат тауарлары бағасының серпініне тәуелділікті ескере отырып, белгісіздік деңгейі біршама болып отыр.

### **Ақша-кредит саясаты және бағамдық саясат**

- 3. Инфляцияны таргеттеу режіміне көшу және икемді айырбастау бағамын қолдануды қоса алғанда ақша-кредит саясатын жүргізу бойынша жұмыс кезінде едәуір табысқа қол жеткізілді; сонымен қатар сын-қатерлер әлі де қалып отыр.** 2016 жылдың басында базалық пайыздық мөлшерлемені қолдану жаңартылғаннан кейін ҚҰБ ашық нарықтағы операциялар, тұрақты іс-қимыл тетіктері және ҚҰБ ноттарын шығару арқылы белгіленген дәліз шенберінде нарықтағы қысқамерзімді пайыздық мөлшерлемелерді сақтады. Бұл теңгедегі депозиттердің ауысуы тұрақтылығының нығауына және жаңартылуына себепші болады. 2016 жылдың бірінші жартысында валюта сатып алғаннан кейін ҚҰБ негізінен нарықта қатысады, бұл инфляцияны таргеттеу режіміне сәйкес келеді. Икемді айырбастау бағамы Қазақстан экономикасына оның сыртқы

конъюнктурадағы өзгерістерге бейімделуіне мүмкіндік жасай отырып оң әсер етеді. Сынқатерлер тізбесіне мыналар кіреді:

- *Артық өтімділік.* Тенгедегі өтімділіктің көлемі депозиттер мен мемлекеттік шығыстарды долларсыздандыру нәтижесінде ұлғайды. Артық өтімділік құрылымдық факторлармен негізделуі мүмкін, себебі банктік кредиттеу тоқтатыла тұрды.
- *Кірістілік қисығы.* ҚҰБ ноттары теңгемен кірістілік қисығының қысқамерзімді сегментін қалыптастыруды негізгі рөл атқарды. Неғұрлым ұзақ өтеге мерзімімен кірістілік қисығын қалыптастыру, нарықтар сыйымдылығын арттыру және нарықта өтімділікті ұлғайту үшін Қаржы министрлігімен бұдан әрі тығыз ынтымақтастық қажет. Бұл, өз кезегінде, реңми органдарға өтімділікті басқаруға, сол сияқты банктерге өтеге мерзімдерін трансформациялауға кірісуге көмектесетін болады. Эмитенттерді қолдауға емес, пайданы қамтамасыз етуге шоғырландырылған институционалдық инвесторлардың барынша белсенді қатысуы сондай-ақ қаржы нарықтарының дамуына оң әсер етеді.
- *Ұзақмерзімді валюталық своптар.* ҚҰБ өтелмеген валюталық своптарының көбі бойынша өтеге мерзімдері 2017 жылғы аяқталады. Оларды қайта жаңартудың қажеті жоқ, өйткені қазіргі кезде банктерде теңгемен өтімділіктің айтарлықтай көлемі бар.
- *Бағамдық саясат.* Реңми органдарға валютаны сатып алу/сату бойынша операцияларды артық құбылмалылықты қысқарту үшін ғана жүргізе отырып валюта нарығында өктемдіктен бас тарту қажет. ҚҰБ теңгенің икемді бағамы болашақта да қолданылатындығына қатысты ақпараттық жұмысты жалғастыруы қажет.
- *Талдамалық әлеует және ақпараттық жұмыс.* ҚҰБ өзінің талдамалық әлеуетін өсіруде және саясат шаралары туралы өзінің шешімдерін ақпараттық көрсетуде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Осы жұмысты жалғастыру қажет.

#### **4. Ақша-кредит саясатында бұдан әрі де инфляцияға назар аудару қажет.**

Инфляциялық қысымның әлсіреуі ҚҰБ-ға 2016 жылғы ақпаннан басталатын кезеңде базалық мөлшерлемені 500 базистік тармақта төмендетуге мүмкіндік берді. Инфляцияның бұдан әрі төмендеу белгілері бар, оған теңге бағамының нығаюы және үкімет шығыстарының қысқаруы ықпал етті. Инфляцияның 12 айдан 18 айға дейінгі кезеңде күтілетін төмендеуі ҚҰБ-ға экономикалық белсенділікті қолдай отырып, саясатты жұмсартуды жалғастыруға мүмкіндік берер еді. Баға тұрақтылығын қолдауды бұрынғысынша ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты ретінде қарau қажет; ҚҰБ міндеттерінің шегін оған өсуді қамтамасыз ету міндеттін эксплицитті қосумен өзгерту қажет емес. Инфляцияны қалыпта ұстап тұру бойынша күш-жігер әртаптандыруды және өсуді қамтамасыз ету үшін қажетті жеке жинақтар мен инвестицияларға қолдау көрсетеді. Өсуді қолдау бойынша нақты белгіленген міндет ҚҰБ күш-жігері мен тәуелсіздігіне теріс әсер етер еді. Ақша-кредит саясатын құрылымдық мәселелерді, ең алдымен «кірісті» жобалар тапшылығы проблемасын шешуге пайдалану мақсатқа сай емес. Құрылымдық

проблемаларды шешу бюджет саясатының және құрылымдық реформалардың міндеті болып табылады.

## **Қаржы секторы**

5. **Қаржы секторындағы кемшіліктерді кейінге қалдырмай жою қажет.** Тенге бағамы өсуінің баяулауына және төмендеуіне байланысты осалдық факторларының әсері сақталуда; банктік кредиттеу енжар күйде қалуда. Соңғы кезде ҚҰБ екі шағын банкке қатысты шаралар қолданды; басқа банктер де қызмет көрсетілмейтін кредиттердің (ҚКК) жоғары үлесі проблемасын шешу үшін қосымша капиталды қажет етуі мүмкін. Үкімет мемлекеттік депозиттерді және субсидияланатын кредиттерді орналастыру арқылы қолдау көрсетіп отыр. Бұл секторда белгісіздік бар және ХВҚ қызметкерлері әлсіз институттар проблемасын шешу бойынша белсенді әрі шұғыл жұмысты қолдайды. Ұзақ уақыт бойы банк секторының айрықша ерекшелігі қаржы мен операциялардың күрделі және айқын емес жағдайы болып табылады. Бұл осы секторға инвестицияларды тартуға және оның өсіуді қамтамасыз етуге қосатын үлесіне кедергі жасайды. Осы күрделі және ұзаққа созылған проблеманы шешу осы секторды одан әрі жетілдіру үшін өте маңызды болып табылады. ҚҰБ мен Үкіметтің тығыз ынтымақтасуының маңызы зор. Мұндай іс-қимылдарға мыналар жатады:

- *Есептілік пен диагностика.* ҚКК-ға және капитал жеткіліктілігіне қатысты айқын көрініс алу мақсатында шоғырландырылған есептілікті қалыптастыруды қайта бастау қажет. ҚҰБ қысқамерзімді перспективада қажетті іс-қимылдарды қолдау үшін сектордың диагностикасын (стресс-тестілеу, активтердің сапасын бағалау) жалғастыруға тиіс. Одан кейінгі ұзақмерзімді перспективада ҚҰБ тәуекелге бағдарланған қадағалаудың ішкі әдіснамасын әзірлеуге және банктік есептілікті және тәуелсіз аудиттің сапасын бағалау тәжірибесін жиынтық қадағалау бағасына енгізуге тиіс.
- *Банктерді қосымша капиталдандыру және қосу.* Кредиттер бойынша шығындарды тану және акционерлердің капиталды беруі секторды нығайтуда басты рөл атқарады. Капиталға қойылатын талаптарға қатысты реттеуашілік жеңілдіктер беру шараларын одан әрі қолдануды қатаң түрде шектеу қажет. Банктер талап етілетін капиталды өсіруге немесе өз қызметін тоқтатуға тиіс. Қосылу ерікті нарықтың негізде жүргізілуге тиіс; әлсіз институттардың қатысуымен қосылуды болдырмау қажет. Мұндай операциялар банктерді мұқият қаржылық және занұды тұрғыдан бағалау (due diligence) аяқталғаннан кейін ғана және ресми органдардың қосылу нәтижесінде құрылатын банк орнықты және жұмыс істеуге қабілетті болатынына сенімді болуы шартымен жүргізілуге тиіс. Сенімді капиталдандыру және бизнес жүргізу жоспарларының болуы, әсіресе қосылу нәтижесінде бәсекелестікке және

шоғырлануға байланысты жағдайға ықпал етуге қабілетті ірі институттар құрылған жағдайларда өте маңызды болып табылады.

- *Өтімділікті беру.* Соңғы сатыдағы кредитор (ССК) ретінде ҚҰБ функциясына қатысты ережелермен жұмысты жеделдешу қажет. ҚҰБ банктерге қамтамасыз етілмеген қаржыландыруды беруге тиіс емес, ал үкімет пен мемлекеттік кәсіпорындар (МК) депозиттерді банктерге орналастыру практикасын қайта қарашаға тиіс. Зейнетақы қоры (БЖЗК) депозиттерді әлсіз банктерге орналастырмая ғана тиіс; ол ақша-кредит немесе бюджет саясатындағы бастамаларды қолдауға емес, инвестициялардан түскен жоғары және сенімді кірістерді қамтамасыз етуге шоғырландыруға тиіс. Өтімділікті шұғыл қолдауды толық кепілмен қамтамасыз ету және қажет болған кезде, Қаржы министрлігінің кепілдігі болған жағдайда өміршең банктерге ғана ұсыну керек; мұндай қолдау мониторингті жеңілдету және кейіннен шаралар қабылдау мақсатында айыппұл санкциялары бойынша және мерзімдерін көрсете отырып өтеу жоспары болған кезде ұсынылуға тиіс.
- *ҚҰБ тарапынан шаралар.* Әлсіз банктерге қатысты уақтылы шаралар қабылдау қажет, Ұлттық Банк шаралар қабылдау мерзімін ұзартып алса зиян ұлғаюы мүмкін. Ұлттық Банкке Президент Әкімшілігінің және Үкіметтің сенімді қолдауы, сондай-ақ банктердің проблемаларын реттеудің тиісті құралдарының, оның ішінде өкілеттіктер мен қызмет үшін тиісті құқықтық негіздің болуы қажет. Қажет болған жағдайда банкті ҚҰБ басқару органдарында ауыстыруды және операцияларды алдын ала мақұлдауды жүзеге асыруға тиіс. Негізгі тәуекел сот органдарының реттеу шараларының мерзімін ықтимал ұзартуға немесе күшін жоюға байланысты. Төлем қабілеттілігін бағалау және жедел әрі пәрменді шаралар қабылдау үшін, акционерлік капитал есебіне санацияны қоса, активтерге байланысты проблемаларды басқару мен реттеу бойынша өкілеттіктерді қабылдау үшін ҚҰБ-ға жеткілікті өкілеттіктер мен құралдар беретін заңды жедел тәртіппен қабылдау қажет болуы мүмкін.
- *Капиталды ұсыну.* Банктерді санациялау мақсатына арналған мемлекеттің қаржылық қолдауы шығасыларды және болашақ тәуекелдерді шектеуді қамтамасыз ететін қатаң талаптарды сақтау кезінде ғана ұсынылуға тиіс. Артық мемлекеттік шығыстарды boldырмай үшін банктердің жай-күйіне мүқият қаржылық және заң тұрғысынан (due diligence) бағалау қажет. Мемлекеттік қаражатты қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдер болған кезде өміршең жүйе құраушы институттарға ғана беру керек және мемлекеттің қаражатын ұсынбастан бұрын міндеттемелерді өтеу үшін акционерлердің шоғырландырылған үлесін толық пайдалану қажет. Акционерлерде активтерге қатысты талап ету құқықтары сақталмауға тиіс. Капиталды қолдауға арналған қаражат мемлекеттік бюджеттен, ҚРҰҚ қаражатынан немесе ішкі немесе сыртқы борыштық міндеттемелерді шығару арқылы бөлінуге тиіс, бірақ ҚҰБ (немесе БЖЗК) қаражатынан емес. Қаржы министрлігі капиталды

нарықтың өтімді мемлекеттік бағалы қағаздардың әдеттегі шығарылымы нысанында ұсыну туралы мәселені қарауы қажет (бұл бағалы қағаздар нарығының сыйымдылығын ұлттайтуға және артық өтімділікті жоюға да мүмкіндік берер еді).

- *Проблемалық активтерді жою.* Банктерден жер телімдерін және жылжымайтын мүлік объектілерін қоса алғанда, сатып алған проблемалық активтер ұзақ уақыт бойы сақталып отырған проблемаларды шешу және осы активтерді жаңа инвесторларға сатуды қамтамасыз ету үшін шұғыл жойылуға тиіс, ол экономикалық белсенділікке серпін береді. Айқын аукциондар нысанында проблемалық активтерді өткізу ді Проблемалық кредиттер қоры (ПҚҚ) жүзеге асыруға тиіс. ПҚҚ-ның қызметін жандандыру үшін нормативтік-құқықтық базаны өзгерту және сыртқы кеңесшілерді тарту талап етілуі мүмкін.

ХВК қызметкерлері жоғарыда аталған қағидаттарды ескере отырып, әлсіз банктік институттардың проблемаларын шешу жөніндегі белсенді және шұғыл шараларды қолдайды.

## **Салық-бюджет саясаты**

### **6. Салық-бюджет саясаты экономикалық өсімді қолдайды.**

«Нұрлы жол» бағдарламасы ШОБ қызметін жандандыруға, тұрғын үй саласын, құрылым индустриясы мен көлікті дамытуға көмек көрсетті. Ресми органдар экономиканы қалпына келтіру аясында мұнайдың барынша төмен бағасының тұрақты сақталуын ескере отырып, ортамерзімді перспективада шоғырлану қажеттілігін әділ мойындаиды.

- *Шығыстар.* «Нұрлы жол» бағдарламасына арналған шығыстар оның шегінде көзделген жобалар іске асырылуына қарай төмендетіледі. Шығыстардың кейбір баптары (бірінші кезекте, әлеуметтік шығыстар) өседі деп күтіледі.
- *Kірістер.* Тәңгенің девальвациясы 2016 жылы мұнайға жатпайтын кірістерді, әсіресе ҚҚС-тан түсімдерді алуға он әсерін тигізді. Мұнай бағасының өсуі 2017 жылы кірістердің өсуіне әкеледі деп күтіледі.
- *Қаржыландыру.* Тапшылықты қаржыландыру, бірінші кезекте, ҚРҰҚ-тан трансфертермен қамтамасыз етілетін болады. Фискалдық буферлік қорлар бұрынғысынша қомақты, ал мемлекеттік борыш салыстырмалы түрде шамалы болып қалып отыр. Мұнайға тәуелділікті төмендетуге және буферлік қорлардың жоғары деңгейін қолдауға бағытталған ҚРҰҚ-тың жаңа қағидалары он бағаға лайық болып отыр.

### **7. Нәкты стратегияны әзірлеу ортамерзімді перспективада бюджеттік шоғырландыруға ықпал ететін болады.** ҚРҰҚ тұжырымдамасында көрсетілген салық-бюджет саясатының бағамы мұнайға жатпайтын тапшылықты 2020 жылға таман ИЖТ-нің 7

пайызына дейін және 2025 жылға таман 6 пайызға дейін қысқартуды көздейді. Бұл бағам мұнай бағасының нақтыланған болжамдарымен және ҚРҰҚ-тың елеулі буферлік қорларының жинақталуымен келісілетін мұнайға жатпайтын тапшылықтың орнықты деңгейіне байланысты ХВҚ қызметкерлерінің ұзақмерзімді болжамдарына сәйкес келеді. Соған қарамастан, салық-бюджет саясатының бағамы ІЖӨ-нің шамамен 4-5 пайыз мөлшерінде түзетілуін талап етеді, сондықтан ресми органдардың осы шоғырландыруды жан-жақты түсіндіруі және кірістер мен шығыстар саласындағы қажетті шараларды іске асыру бойынша іс-әрекеттер қабылдауы маңызды болып табылады. ХВҚ қызметкерлері осы түзету басымдығы төмен шығыстарды қысқарту, әсіресе мұнайға жатпайтын кірістерді ұлғайту арқылы жүзеге асырылуға тиіс деп санайды. Жаңа салық кодексі салықтық ерекшеліктер мен жеңілдіктерді оңтайлы етуге тиіс; онда барынша жоғары және прогрессивті салықтық мөлшерлемелерді енгізу талап етілуі ықтимал. ХВҚ-ның Салық-бюджет мәселелері департаменті мамандарының құшімен экономиканың мұнайға жатпайтын және мұнай секторларына арналған салық режімдеріне жасалған кешенді талдау кірістерді арттырудың ықтимал нұсқаларын анықтауда маңызды рөл атқаруы мүмкін. Сонымен қоса, ХВҚ қызметкерлері ресми органдарды ХВҚ «Мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі нұсқаулықта» көзделген есептілік стандарттарын толығымен енгізуге, сондай-ақ салық-бюджет операцияларының айқындылығын арттыру мақсатында салық-бюджет саласының шоттарын барынша кең қамтуды қамтамасыз етуге шақырады. ХВҚ осы салада техникалық көмек көрсетуге және салық-бюджет саясатының ортамерзімді негіздерін нығайтуға жәрдемдесуге дайын. Мемлекеттік борыш құптарлық деңгейде қалып отырғанына қарамастан, мемлекеттік кәсіпорындардың берешегіне (ІЖӨ-ден 30 пайыз), сондай-ақ басқа шартты міндеттемелермен байланысты тәуекелдерге жан-жақты мониторинг қажет.

## **Құрылымдық реформалар**

**8. Әртаратандыруды және тегіс қамти алатын экономикалық өсуді қолдауға және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған реформалардың ауқымды бағдарламасы іске асырылуда.** «100 нақты қадам» бас бағдарламасына сәйкес нормативтік-құқықтық өзгерістерді енгізу және оларды іс жүзінде іске асыру тетіктерін әзірлеу бойынша негізгі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Жекешелендіруге жататын негізгі активтердің анықталғанын атап өту маңызды.

**9. Реформалардың сәтті болуы іс жүзінде жүзеге асырылуына байланысты.** «100 нақты қадам» бағдарламасының ауқымды мақсаты бір-бірін толықтыруға арналған реформаларды ескере отырып, үйлестірілген және пәрменді шаралар қабылдауды талап етеді. Әзірге жоспарланған қадамның барлығы бірдей тиісті егжей-тегжейлі заңнамалық нормалармен немесе нақты іс-қимыл жоспарларымен қамтамасыз етілмеген, ал кейбір жағдайларда қабылданған заңнамалық актілерге қарамастан, жоспарлар іс жүзінде қолданылмайды. Ресми органдар өз стратегиясын әзірлеуді және түсіндіруді жалғастырғаны, сондай-ақ айтарлықтай оң нәтиже алу үшін оны іске асыруды

жандандыруға тиіс. Бағдарламаны іске асыру жолындағы маңызды кезең алғаш рет жария орналастырудың бірінші кезеңінің сәтті аяқталуы болады («Эйр Астана», «Қазақтелеком», «Қазатомөнеркәсібі»). Одан әрі акцияларды қосымша бірінші жария орналастыруды және активтерді сатуды жүргізген дұрыс (мысалы, «Қазмұнайгаз», «Самұрық энерджи» және энергия өткізу компаниялары және т.б.). Әртараптандыру мен дамытудың алға қойылған мақсаттарын ескере отырып, ауылшаруашылы мен көліктегі реформаларға және еңбек өнімділігін арттыруға ерекше назар аударған жөн.

\* \* \* \* \*

*XVK миссиясының мүшелері қонақжайлышығы және сындарлы талқыға салғаны үшін Қазақстанның ресми органдарына алғыстарын білдіргісі келеді. XVK қызметкерлері Қазақстанға экономикалық саясат шаралары бойынша қосымша ұсынымдар беруге және техникалық көмек көрсетуге дайын.*